

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Жаратылыстану ғылымдары факультеті

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің

№10 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

27.06.2024 ж.

Сарсенов Б.Т. – PhD, аға оқытушы;

Комиссия мүшелері:

1. К.Ж.Назарова – ф.-м.ғ.к., доцент м.а.;
2. Е.Д.Тлеукеев –аға оқытушы;
3. Ш.Р. Курбанбеков – PhD, доцент;
4. Ш.Ж.Раманкулов – PhD, доцент;
5. Г.Ж.Тұрметова – техн.ғ.к., доцент м.а.;
6. Б.Б.Тойжигитова – PhD, аға оқытушы;
7. Н.Н. Салыбекова – PhD, аға оқытушы;
8. Ә.Т.Мейірбеков – техн.ғ.к., профессор м.а.;
9. Б.С.Абжалов – х.ғ.к., доцент;
10. Ш.М.Беласарова – аға оқытушы;
11. Усембаева И.Б. – PhD, доцент м.а.;
12. Е.Н.Еділбаев –оқытушы;

Шақырылғандар:

1. Ж.Н. Исабеков – Факультет деканы
2. Г.И. Исаева – Биология кафедрасының меңгерушісі
3. Р.Н. Нұрділлаева – Экология және химия кафедрасының меңгерушісі
4. М.Д. Кошанова – Математика кафедрасының меңгерушісі
5. Б.Ж. Сейтов – Физика кафедрасының меңгерушісі

Хатшы: Полатұлы Серік – оқытушы

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

- 1.Факультеттің, кафедралардың келесі оқу жылына дайындық актілерінің сапасы мен нәтижелілігін қадағалау.
- 2.Комиссияның оқу жылының есебін әзірлеу.
- 3.Комиссияның келесі оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу.
4. Маусым айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау

Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрағасы Б.Сарсенов күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша факультеттің, кафедралардың келесі оқу жылына дайындық актілерінің сапасы мен нәтижелілігін қадағалау туралы сөз қозғады.

Факультетке қарасты кафедралар 2024-2025 оқу жылына дайындық актілерін факультеттің академиялық комитетіне ұсынды. Академиялық комиссияның төрайымы ретінде дайындық актілерін дайындауда университеттің стратегиялық жоспарына, білім, ғылым мен тәрбиені, ОПК біліктілігін арттыру мәселелерін дамытуды негізге ала отырып

дайындағанына көз жеткіздім. Дегенмен, кейбір кафедралар студенттердің F3 жұмыстарына тартуды жолға қою мақсатында студенттердің ғылыми үйірмелерін, студенттерді ғылыми жобаға тарту мәселелерін, студенттердің ғылыми мақаланы жазуға машықтандыру мәселелеріне көңіл бөлу керек. Сонымен қатар, кейбір кафедраларда оқытушы-профессорлар құрамының академиялық ұтқырлық аясында отандық және шетелдік ЖОО-да тәжірибе алмасуын қолға алу керек екенін атап өткім келеді. Тағыда ескере кететін жағдай, кафедралардағы студенттермен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының ауқымын кеңейтіп, оларды әртүлі көпшілік іс-шараларға тарту керек. Осы орайда студенттердің белсенділіктеріне қолдау көрсете отырып, оларды олимпиадаға, конкурстарға, дебат, дискуссияларға қатыстырып, әсіресе шығармашылыққа қабілетті студенттерді дамыту жұмыстарын жан-жақты ойластыру керек. Дайындық актісінде 2024-2025 оқу жылына қатысты барлық жұмыс бағыттары, атап айтқанда, ғылыми зерттеу жұмыстары, оқу-әдістемелік жұмыстар және оқытушылардың біліктілігін арттыру т.б. мәселелері жан-жақты қамтылған.

Дайындық акт бойынша келесі құжаттар тексерілді:

1. 2024-2025 оқу жылына арналған барлық жоспарлар (оқу-әдістемелік, ғылым, тәрбие, практика, кәсіби бағдар, біліктілік көтеру).
2. Факультеттің, кафедралардың, ОПҚ индикативтік жоспарлары.
3. Оқу лабораториялар, кабинеттердің дайындығы.
4. Факультеттегі мамандықтар үшін дайындалатын контенттер білім беру бағдарламалары.
5. ББ НОЖ.
6. ОПҚ жүктемелері.
7. 2023-2024 оқу жылына есептелген жылдық сағаты.

Шешім: Кафедралардың келесі оқу жылына дайындық актілерінің сапасын мұқият тексеру мақсатында кафедраларда жұмыс тобы құрылсын.

Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы Б.Сарсенов күн тәртібінде көрсетілген екінші мәселеге сәйкес ФСКК-ның 2024-2025 оқу жылына әзірленген есебі тыңдалды.

Шешім: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның оқу жылыны есебі қабылдансын.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның келесі оқу жылына әзірленген жұмыс жоспары талқыланды.

Шешім: ФСКЕК-ның 2024-2025 оқу жылына жұмыс жоспары қабылдансын.

Тыңдалды:

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы Б.Сарсенов күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша сөз алып, маусым айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелерін қорытындылады:

1. Кафедралардың келесі оқу жылына дайындық актілерінің сапасын мұқият тексеру мақсатында кафедраларда жұмыс тобы құрылсын. Кафедралардың келесі оқу жылына дайындық актілерінің сапасын қадағалау кафедра меңгерушілеріне жүктелсін.
2. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның оқу жылыны есебі қабылдансын. ФСКЕК оқу үдерісін жақсарту ұсыныстары назарға алынсын.
3. ФСКЕК-ның 2024-2025 оқу жылына жұмыс жоспары қабылдансын.

Шешім: Факультеттегі маусым айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелері қанағаттанарлық деп таңылсын.

Мәжіліс төрағасы:



Б.Сарсенов



С.Полатұлы

Мәжіліс хатшысы: